

3. При наличии в слове большой последовательности полных мор первая из них выделяется в качестве носителя главного ударения, а последняя – второстепенного» [3, 101-102].

Таким образом, арабское ударение можно считать фиксированным, поскольку оно определяется счетом мор и их типами. Как уже отмечалось ранее, фиксированное ударение выполняет функцию квантования высказывания (разграничение слова). Кроме этого арабское ударение выполняет смысловозначительную, а также функцию передачи грамматических отношений (*qaddama* «он представил», *qaddamā* «они оба представили»). Примерами для смысловозначительной функции можно при-

вести следующие пары: *sādiq* (правдивый) – *sadiq* (друг); *ḡamal* (верблюд) – *ḡamāl* (красота); *ḡāmi‘* (мечеть) – *ḡamī‘* (совокупность) и др.

1. Зиндер Л.Р. Общая фонетика, М., 1979 г.

2. Касевич В.Б., Шабельникова Е.М., Рыбина В.В. Ударение и тон в языке и речевой деятельности. Л., 1990 г.

3. Карабекян С.Б. Вопросы ритмического построения арабской речи, диссер. канд. филологических наук. М., 1984 г.

4. Сегаль В.С. К фонологической интерпретации долгих гласных в арабском литературном языке. – В сб. Семитские языки, вып. 2, ч.2. М.: Наука, 1965 г.

5. Ромачев Б.Н. Некоторые вопросы словесного ударения в современном арабском литературном языке. – В сб.: Арабская филология М.: Изд. Моск. ун-та, 1968 г.

\* \* \*

Мақалада автор араб тіліндегі сөздік екпіннің табиғатын, сөздегі орнын, қызметін қарастырады.

**Б. К. Әубәкірова**

## ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҒАЛЫМДАР

Ақылға қонымды жақсы сөздің жанға жылы тиіп, адамды небір тамаша сезімдерге бөлейтіндігі, шынайы сөздермен өрнектелген ой ғана өткір, әрі әсерлі болатыны белгілі.

Халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл-алмас семсер», «Күш-жеңбегенді сөз жеңеді» дейді. Осыдан сөздің адамға тигізетін әртүрлі әсері, шипалық қасиеті жақсы байқалады.

Ақылдылықтың басты белгісі – дұрыстап сөйлей білу. Сөйлеу мәдениетіне жетілмейінше ақыл-ой мәдениетіне жету қиын. Халқымыздың ойға олақ, сөзге шорқақ адамдарды үнемі әжуалап келуі де осы мәселеге ерекше мән бөлуінен керек. Мысалы, «Сөйлей білмеген сөзді өзіне келтіреді», «Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесің», «Қысыр сөзде қырсық көп» секілді мақалдарда сөйлеу өнерінен жұрдай жандар туралы айтылады.

Тіл өнеріне ерекше жетілу шешендік өнермен тығыз байланысып жатады. Қазақ халқы шешендік өнерді ерекше құрметтеп, ондай өнері барларға төрден орын берген. Тілдің сырына байланысты адамдар жайында мынадай мақалдар бар: «Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем», «Шешеннің сөзі – ағып тұрған балдай», «Көп ішінде сөйлеген – көсемділіктің белгісі, көпке сөзі ұнаған – шешендіктің белгісі» т.с.с. Осы мақал-мәтелдерде шешеннің сөзі қынаптан

суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұтатқандай анық, ойға қуат, мағыналы да көркем, өткірлігі оның тек сыртқы сұлулығында ғана емес, оның логикалық мазмұнында, шындықты жайып салып, көркем тілмен айтуында дегендей қорытынды жасауға болады.

Сөз құдіреті туралы терең толғанған ақын-жазушыларымыз ғалымдарымыз да жеткілікті. Олар: Дулат Бабатай, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Халел Досмұхамедова, Сұлтанмахмұт Торайғыров, қазақ тіл ғылымының тарихына үлес қосқан ұлт лингвистерінің біріншісі А. Байтұрсынов бастаған көшбасы жалғасуда. Осындай өкшелестерінің бірі болған, тіл білімінің межелі асуында жұртшылық назарын А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қырық жыл бойы еңбек еткен, ғылымды ұйымдастырушы М. Балақаев, шәкірті М. Серғалиев өнерлеріне, сөйлеу мәдениеттеріне жетілу баршамызға ортақ міндет.

Дамып келе жатқан ұлттық ғылымымыздың қатарынан көрінген асыл азамат, шыншылдығы бүкіл елге танымал, саналы өмірдің сан тараулы жолында талмай еңбек еткен, елінің рухани әлеуетінің өсе түскенін танытарлық мол іс тындырған әйгілі педагог, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, респуб-

лика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, атақты профессор-ұстаз Мәулен Балақайұлы Балақаев. Ол аспирантурада жүрген кезінің өзінде-ақ қазақ тіл білімі өмірлік кәсібіне айналып, мәңгілік несібесін осы саладан жинаған. Содан бергі жердегі өмірде кандидат, доктор, профессор, академияның корреспондент-мүшесі деген атақтарға ие болды. Осының бәрінде қаншама тер төгілгенін, әрине, есептеп шығару қиын. Тынымсыз еңбек, тындырымды іс ақыры оны ұлағатты ұстаз, ірі ғалым, тіл тағдырына араласар айтулы азамат дәрежесіне көтерді. Өткен жылдар осыны айтады, жылдар қойнауында тұнған сырлар осыны шертеді. Біріншіден, ол – Ұстаз. Екіншіден, Мәулен Балақайұлы Балақаев – үлкен ғалым. Ол 1940 жылы кандидаттық диссертация, ал 1950 «Қазақ тіліндегі көмекші сөздер» бойынша докторлық диссертация қорғаған. Кейінірек бұл еңбек өз алдына жеке кітап болып жұрт қолына тиді. Содан бергі жерде М.Балақаев тынымсыз еңбектенеді. 20-ға таяу кітап, бірнеше ғылыми және ғылыми-көпшілік мақаланы еңбекқорлықтың асқан үлгісі ретінде айтуға лайық. Мәулен Балақаевтың еңбек жолы 30-шы жылдардан басталған екен. Бұл жылдардың мәдениет тарихындағы рөлі орасан зор болғаны мәлім. Жаппай сауат ашу, ол үшін жазуды жөнге салу, оқу бағдарламалары, әдістемелер мен оқу құралдарын жасау тәрізді сан түрлі шаруаға Мәулен Балақаев білек түре араласады. Сонымен бірге грамматика, орфография, терминология мәселелерімен шұғылданады. Бертінірек оның қаламы тіл мәдениеті, стилистика, көркем әдебиет тілі мен әдеби тіл салаларында қызмет ете бастайды. Мұның нәтижелерін бірнеше еңбек ретінде көріп, оқып, біразымыз білім толтырып жүрміз.

Мәулен Балақаевтың қаламынан туған еңбектер арасынан жай сөйлем синтаксисі, сөз тіркесі және тіл мәдениеті туралы еңбектерін айрықша атау қажет. Неге десеніз, бұл саладағы зерттеулер арқылы ол қазақ тіл білімі проблемеларын бүкіл түркологиялық деңгейге көтерді. С.Е.Маловтың жетпіс жасқа толған мерейтойының қарсаңында Мәскеуде шыққан Тюркологический сборник жинағының бірінші санындағы (1951 «О комбинированном управлении прямого дополнения в казахском языке»), Каз КСР Хабаршысындағы (1952, «Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері»), Қазақ тілінің тұңғыш ғылыми грамматикасы болып саналатын «Қазіргі қазақ тілінің» (1954) үлкен бір тарауын «Жай сөйлем синтаксисі», одақтық Вопросы языкознания журналындағы (1956

«Типы именных словосочетаний в казахском языке» іспетті ғылыми мақалалары мен еңбектерін жазған болатын. Сонымен қатар осы бағыттағы көп жылғы ізденулерінің негізінде кешікпей «Қазақ тілінің сөз тіркестерінің түрлері» (1957) атты еңбегін жазды, оны кезінде жалпы жұртшылық, тіпті отандық және шетелдік ғалымдар аса жоғары бағалаған. Бұл тек қазақтың ғана емес, ортаазиялық түрік халықтарының да лингвистикасындағы сөз тіркесі жөніндегі тұңғыш монографиялық зерттеу болды. Осының өзі де ғалымның ғылыми-теориялық өресінің қаншалықты дәрежеге көтерілгенін байқатады.

Осы еңбегінде Мәулен Балақайұлы өзінің атақты ұстазы Н.К.Дмитриев пен замандасы Н.А.Баскаковтың аталмыш мәселе туралы қалыптасқан пікірлеріне дәлелді дау айтып, таласқа түскен. Ол кезде ғылымда мұндай батылдық жиі кездесе бермейтіні мәлім. Мәулен Балақаевтың дәлелдемелерінен кейін синтаксис оқулықтарында «Жай сөйлем синтаксисі» мен «Құрмалас сөйлем синтаксисінен» басқа үшінші бір сала «Сөз тіркесі» беріліп отыратын болды. Бұл еңбекті кезінде атақты түрколог А.К.Боровков (А.К.Боровков. Изучение тюркских языков в СССР. – «Вопросы языкознания», 1961, № 5) жоғары бағаланған. Сөйтіп бүкіл түркология ілімінде Мәулен Балақаевтың ашқан жаңалығы жаңа сала болып қалыптасты. Мәселен «Қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1961), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968) дейтін университеттер мен институттардың филология факультетінің студенттеріне арналған тұңғыш көмекші құралы да, тұңғыш оқу құралы да.

Осындай ұйымдастырушы ғалым қазақ тіл біліміне тағы бір өзекті саланың уығын шанышып, шаңырағын көтерген. Мәселен, қазіргі «Қазақ тілінің мәдениеті» дейтін пән тікелей өзі ашып, өзі қалыптастырған сала. Халықтың тіл мәдениетін арттыру проблемасы, тіл жатықтығы, сөз қолдану мәдениеті, баспасөз тілінің мәдениеті, әдеби тіл мәдениеті, жазу мәдениеті, оқушының, жастардың тіл мәдениеті, жазушының сөз мәдениеті төңірегінде толғанды. Бұл пәннің арнайы курс ретінде оқылуына тікелей басшы болды, біз үшін маңызы зор пән. Осы тұста бізге қойылатын талаптың бірі – тіл мәдениетінің жоғары болуы, ал мақсат – қазақ әдеби тілінің абырой-беделін арттырып, одан әрі дамытып беру мәселесі.

Мәселен, үгіт-насихат жұмыстарында болсын, халыққа әдебиет, өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру жұмыстарында болсын, тіл мәдениеті қызметкерлерінің айтқандары мен жаз-

ғандары тіл жағынан мүлтіксіз болуға тиіс. Тіл қоғам өмірінде адамдардың өзара пікірлесу, түсінісу қызметін атқарады. Бүгінгі заман талабына сай тіліміз нәрлене, қорлана түсіп отыр, тіл мәдениеті артып келеді.

М.Балақаев қазақ тіл білімі аясын осылай кеңітті, ғылымды міне осылай ұйымдастырды. Сөйтіп, қазақ тілі де кемеліне келген бай, барынша икемділік қасиетке ие болған орамды, белгілі жүйеге түскен, көркем тіл болды. Халықтың тіл қазынасын меңгеру, тілді өткір құрал ретінде ұстарта білу – үлкен өнер. Әрбір мәдениетті кісі сол өнерді үйренуге, тіл мәдениетін арттыруға талпынады. Әдетте мәдениетті – қоғамның оқу-білім, ғылым, өнер т.б. рухани табыстарының жиынтығы деп білеміз. Тіл оған жатпайды, бірақ мәдениеттің елеулі формасы деп есептеледі. Осы орайда оның мәдениетті дамыту қызметі ерекше болады.

Тіл мәдениеті деген ұғым тілдің мәдениетке қатысты екенін аңғартпайды, тілдік тәсілдердің кемелдену, ширау, жүйелену дәрежесінің қандай екенін меңзейді. Сондықтан сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, ізеттілік ... тіл мәдениеті дегенге енеді. Мақсатымыз – сол мәдениетті дамыту, сол үшін күресу, тіл мәдениеті үшін күрес, тіл тазалығы, ой дәлдігі үшін күрес. Осы тұрғыдан қарағанда халықты тіл мәдениетіне үйрететіндер – баспасөз қызметі, алайда, кейде баспасөз бетінде, жеке кісілердің сөзінде де тіл мүкістігі, тіл мәдениетінің ақауы байқалып жүр. Бұл бара-бара «тіл ауруына» айналуы мүмкін. Сондықтан сөйлеуде, жазуда кездесетін кемшіліктерді дер кезінде қоғам тезіне салып отыру керек. Мәдениетті кісілер тосырқап қарайтын әдеби тілдің қалыптаса түсуіне нұсқан келтіретін кемшіліктер аз емес. Кітаптарда, газет-журналдарда сөздерді қате жазу жиі кездеседі. Мыс: «қадірлі» сөзін қадырлы, кәдірлі деп, «ақиқат» сөзін ахиқат деп, «педагогтік» сөзін педагогтық деп түрлендіріп жаза береді. Сондай-ақ, мұндай қателіктер біріккен сөздер арасында да кездеседі, мұндайға тыйым салыну керек. Әдеби тіл сөйлеу тілінен нәр алып дамиды да, керісінше, сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді. Мәдениетті кісілер елдегі қарапайым кісілерше сөйлегенде де әдеби тілдің нормаларына бой ұра, әдеби тілдің тұрқын бұзбай сөйлеуге тырысады. Осы бағыт жалпы халықтың дәстүрге айналып, жұрт әдеби тілде сөйлейтін болды. Қазір қазақ тілінде осы процесс қатты жүріп жатыр. Бірақ сөздердің айтылу норманы сақтап сөйлеу талабы ескерілмей, елеусіз қалып келеді:

Сондықтан да сөздердің айтылуында алақұлалық күшті.

Бізге бұл кемшіліктерді жоюға онша мән де берілмейді, бұдан арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек.

Сөйлеуде де, жазуда да ой дәлдігі болады. Кісі оқу, үйрену, жаттығу арқылы емін-еркін, әрі дұрыс жазуға төселеді. Соның өзінде ұқыпты болу керек. Жарыққа шыққан кейбір кітаптар мен газет-журналдардан кейде білместіктен, кейде ұқыпсыздықтан жіберілген кейбір стильдік қаталар кездеседі: сөздерді орынсыз қолдану, дұрыс тіркестірмеу, сөйлемдерді дұрыс құрастыра алмау т.с.с. Сөздегі алақұлалық жергілікті ерекшелікті көп қолданудан болады. Қазақ халқының әдеби тілі белгілі диалект негізінде емес, жалпы халық тілінің түрлі говорлары қатысуымен жасалғандықтан, соларды тыңдап, талғап, керекті жерінде қолданудың орнына оларды орынсыз қаптата беру байқалады. Мұндай жергілікті ерекшеліктерге әуестенушілік, әсіресе, жазушылар қауымындағы адамдар арасында кездеседі. Бұл стильдік қатеге жатады. Мұндай қателерге жол бермеуіміз қажет.

Адам білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы ашады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді: тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің формасы.

Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби-мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ауысып отырады.

Отанына пайдалы қызмет істейтін адам көп оқып, көп білу керек. Осы тұрғыда жылдар бойы толқытып келген ойларын жинақтап, 1984 жылы «Қазақ әдеби тіл және оның нормалары» деген кітап жазып бастырды, сөйтіп әдеби тіл дегеніміз не және оның ауқымына не кіреді деген мәселерді тұңғыш рет ашып айтып, көптеген зерттеулерге жол ашты. 1948 жылы жарияланған «Орфографиялық сөздігі» кейінгі жылдарда түзілген үлкен емле сөздіктеріне негіз болды. 1952 жылы «Қазақ орфографиясы мен графика мәселелері», 1966 жылы «Қазақ тілінің стилистикасы», 1963 жылы және 1988 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», 1938 жылдары 1,2,3 және 9 сыныптар үшін қазақ тілінің оқулықтары және т.б. еңбектері ғұлама ғалымды осы саланың айтулы маманы ретінде әйгіледі. «Білімнен қуатты күш жоқ, білімнен қаруланған

адам жеңілмейді», - дейді М.Горький. Сол білім кілті – тіл.

Осының өзімен де ол қазақ тіл білімінде шоқтығы биік тұлға болып қала берері сөзсіз.

Мәулен Балақаевтың қазақ лексикографиясы саласында сіңірген еңбегі де алуан-алуан. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қазақша-орысша сөздік», «Орысша-қазақша сөздік» - бұлардың бәрі де Мәулен ағаның қатысуымен, басшылығымен түзілген.

Бүкіл өзінің шығармашылық ісі мен өмірін қазақ тіл біліміне, қазақ мәдениетіне бағыштаған әйгілі ұстаз, атақты ғалым тіл білімінің, қазақ ғылымының, қазақ мәдениетінің кеңестік дәуірде қаншалықты қанат жайғанын нақты көрсетті.

Ұстаздың да ұстасы бар демекші бүгінгі таңда туған тілдің өзекті мәселелерімен абыройлы еңбектеніп жүрген бес академиктің бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Мырзатай Серғалиұлы Серғалиев. Сөз құдіретінің әсері мен салмағын даралап, себебін саралап зерделейтін, сөз асылын адаспай айыра алатын талғамы биік, сөз танығыш адам, әдебиетші, тілші, сыншы, әрі ара-тұра қалам сілтеп қоятын жазушылық қабілеті бар тұлға. Ұстазы, шәкіртіне өнегелі жан болған, талғампаз тарлан профессор Мәулен Балақаев.

Көркем сөздің сыры мен сымбатын саралаған, осы салада тынымсыз еңбек етіп жүрген ғалымның 600-ден астам мақалалары мен баяндамалары, монографиялары мен оқулықтары, әдістемелік құралдары бар. Атап айтсақ, «Сөз сарасы»(1977), «Синтаксис синонимі» (1981), «Сөз шырайын ойласақ»(1982), «Сөздің күнгейі көп көлеңкесі» (1987) «Сөз сарасы» (1989), «Етістікті сөз тіркесінің синонимиясы» (1991), «Ой мен сөздің жарасымы»(1994), «Көркем әдебиет тілі»(1995), «Сөз нақтылығы мен ой айқындығы»(1998), «Ой өрнегі»(1995), «Сөз салмағы»(2002), М.Балақаев, М.Серғалиев «Қазақ тілінің мәдениеті» (2004), М.Серғалиев «Көркем әдебиет тілі» (2006), М.Серғалиев «Стилистика негіздері»(2006) т.б.

М.Серғалиевтың көркем мәтінді талдау бағытындағы сыни еңбектерін, әсіресе, қазақ әдебиетінің классиктері Мұхтар Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармалары туралы жазғандарын тіл шырайын танытқан аса құнды еңбектер қатарына қосамыз.

Ғалымның негізгі қабілетін ұштаған және бірыңғай зерттеу үрдісін қалыптастыруға ықпал болған нәрсе - оның қазақ тілінің маманы екендігі.

Әрі тілші ғалым, әрі әдебиет сыншысы, әрі аудармашы екендігін ұстазымыздың «оң мен солы бірдей» шын жүйріктігін үлгі аларлық өнеге деп білеміз. Академик ағамыз көркем әдебиет тілінен басқа да, БАҚ-тың тілі, диктордың сөз қолданысы туралы, жеке автор шығармаларының тілі сияқты көптің көзі мен көңілінен таса қалып келе жатқан сөйлеу мәдениеті үшін маңызды мәселемен бүгінде бір өзі айналысып жүр.

М.Серғалиев функционалдық грамматикадағы өнімді тәсіл - трансформацияға қазақ синтаксисінде бірінші рет назар аударған ғалым. Сонымен қатар синонимия құбылысын синтаксис деңгейіне көтерді, сөз тіркесінің функционалдық жағын да сипаттап көрсете білді. Қазақ тіл білімінде стильдік ерекшеліктерге, олардың тілдік нормаларына тіл мәдениетінің негізгі салалары тұрғысынан назар аударма білді.

Стилистика, көркем әдебиет тілі, тіл мәдениеті мәселелерінің көш басында тұрған ғалымдардың бірі екені қазақ және шетел тілші - ғалымдары тарапынан мойындалған.

Тілші - ғалымдардың тілге байланысты ой - пікірлері қашан да сұлу, сырлы сөздері шеберлікпен ұштасып жатады.

1. М.Балақаев «Қазақ тілінің мәдениеті». - Алматы, 1971, 4-76., 93б.

2. М.Балақаев «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» - Алматы, 1984, 70б.

3. М.Балақаев, Т.Қордабаев «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис». - Алматы, 1966, 228б.

4. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М. Томанов, Б.Манасбаев «Қазақ тілінің стилистикасы» - Алматы, 2005, 256б.

5. «Өрелі өнер» (Тіл мәдениеті туралы). «Ғылым» баспасы. Алматы, 1976. 3-8б.

6. ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиевтің 70 жасқа толуына орай өткізілген «Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана -2008

7. Е.Жампейісов «Мәлен Балақаев ғылымды ұймдастырушы» Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. -2007. - 15 қыркүйек №17. - 8-бет

\*\*\*

В статье рассматривается научное воззрение М.Балақаева и его наставника академика М.Серғалиева и их вклад в казахское языкознание.